

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидаларын бекiту туралы

Күшiн жойған

Қостанай облысы Амангелдi ауданы әкiмдiгiнiң 2014 жылғы 22 қыркүйектегi № 287 қаулысы. Қостанай облысының Әдiлет департаментiнде 2014 жылғы 10 қазанда № 5114 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Қостанай облысы Амангелдi ауданы әкiмдiгiнiң 2015 жылғы 15 маусымдағы № 121 қаулысымен

Ескерту. Күшi жойылды - Қостанай облысы Амангелдi ауданы әкiмдiгiнiң 15.06.2015 № 121 қаулысымен (қол қойылған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi).

«Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттiк мүлiк туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына, Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 «Мемлекеттiк мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекiту туралы» қаулысына сәйкес Амангелдi ауданының әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берiлiп отырған аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары **б е к i т i л с i н .**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

Ж. Таукенов

Әкiмдiктiң

2014 жылғы 22 қыркүйектегi

№ 287 қаулысымен бекiтiлген

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн есептеу қағидалары

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттiк тұрғын емес қор объектiлерiнiң 1 шаршы метрiн пайдалану үшiн жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесi 1 айлық есептiк көрсеткiштi құрайды.

1. Жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесi мынадай формула бойынша

есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерлеме, 1 айлық есептік көрсеткіш;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Амангелді ауданы	1,6

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_2
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизациондық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін: $Ж = S * Бм * K_1 * K_2 / ЖУ * N$, мұндағы:

Ж - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);
 B_m - базалық мөлшерлеме, 1 айлық есептік көрсеткіш;
 K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;
 K_2 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;
 $ЖУ$ - жылдық жұмыс уақытының балансы;
 N - жылдық сағат саны.

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін: $Ж = (Ж_n / ЖУ) * N$, мұндағы:

$Ж$ – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Ж_n$ – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;

$ЖУ$ - жылдық жұмыс уақытының балансы;
 N - жылдық сағат саны.